

Екібастұз қаласы өртке қарсы ерікті құрылымдар туралы

Күшін жойған

Екібастұз қалалық әкімдігінің 2003 жылғы 24 желтоқсандағы N 821/13 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 26 желтоқсанда N 2187 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2005 жылғы 23 наурыздағы N 182/4 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2005 жылғы 23 наурыздағы N 182/4 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Өрт қауіпсіздігі туралы" Заңына сәйкес, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Екібастұз қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Екібастұз қаласында, ауылдық округтер мен поселкелерде өртке қарсы ерікті құрылымдарды ұйымдастыру және қызметтерінің қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) бекітілсін.

2. Павлодар облысы өртке қарсы Мемлекеттік қызметінің Екібастұз қаласы үшінші мамандандырылған отрядының бастығына меншік нысаны мен ведомстволығына қарамастан өртке қарсы ерікті құрылымдарды құру мен қызметінде қаланың кәсіпорындары мен ұйымдарының басшыларына практикалық, әдістемелік және құқықтық көмек көрсетуі ұсынылсын.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің аумақтық органында мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен екі жұма ішінде ресми
ж а р и я л а н с ы н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің орынбасары С.М.Көшімбаевқа жүктелсін.

*Екібастұз қаласының
әкімі*

Келісілді :

*Павлодар облысы өртке қарсы
Мемлекеттік қызметі басқармасының
үшінші мамандандырылған*

отрядының бастығы

Екібастұз қаласы әкімінің
2003 жылғы "24" желтоқсан
"Өртке қарсы ерікті

Екібастұз қаласында, поселкелер мен ауылдық округтерде өртке қарсы ерікті құрылымдарды ұйымдастыру және қызметтерінің ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Жалпы ережелер

1. Осы қағидалар меншік нысаны мен ведомстволығына қарамастан қаланың, поселкелер мен ауылдық округтердің кәсіпорындары мен ұйымдарының (бұдан әрі - Объект) өртке қарсы ерікті құрылымдарын құру мен олардың қызмет т ә р т і б і н б е л г і л е й д і .

2. Осы қағидалар Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы "Өрт қауіпсіздігі туралы" N 48-1 Заңына, Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі Агенттігінің 1999 жылғы 9 шілдедегі "Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы" N 19 қаулысына с ә й к е с ә з і р л е н г е н .

3.Өртке қарсы ерікті құрылымдарды ұйымдастыру, олардың қызметтеріне басшылық ету, өртке қарсы іс-шараларды орындау мен қызметкерлердің арасында түсініктеме жұмысын жүргізу Объектілер басшыларымен жүзеге асырылады.

2. Өртке қарсы ерікті құрылымдарды және қызметтерін ұйымдастыру тәртібі

4. Өртке қарсы ерікті құрылымдар:

- 1) Объектіде өртке қарсы режимді орындау мен сақтауға бақылау жасау;
- 2) Объектіде өртке қарсы режимді сақтау бойынша қызметкерлер арасында түсініктеме жұмысын жүргізу;
- 3) өрт сөндіру жүйелері мен құралдарын тұрақты дайындықта ұстау;
- 4) Объектіде бар өрт сөндіру құралдарымен пайда болған өртке дереу шараларды қолдану мақсатында құрылады.

5. Өртке қарсы ерікті құрылымдар меншік нысаны мен ведомстволығына қарамастан 15 адамнан кем емес саны бар кәсіпорындар мен ұйымдарда ұ й ы м д а с т ы р ы л а д ы .

6. Өртке қарсы ерікті құрылымға Объект басшысымен тағайындалатын б а с т ы қ б а с ш ы л ы қ е т е д і .

7. Өртке қарсы ерікті құрылымның сандық құрамын Объект басшысы белгілейді, бірақ 5 адамнан кем емес.

8. Өртке қарсы ерікті құрылымдар 18 жастан кем емес Объекті қызметкерлерінің санынан ұйымдастырылады.

9. Өртке қарсы ерікті құрылымдарға қабылдау азаматтың жеке өтініші негізінде, ол тұрғылықты жері бойынша медициналық комиссиядан және өртке қарсы Мемлекеттік қызметінің бөлімшесінде бастапқы дайындықтан өткеннен кейін ерікті түрде жасалады.

10. Өртке қарсы ерікті құрылымдардан шығарып тастау:

1) өртке қарсы режимді бұзғаны үшін;

2) өз еркі бойынша өртке қарсы ерікті құрылымдар бастығына өтініш беру ж о л ы м е н ж а с а л а д ы .

11. Өртке қарсы ерікті құрылымдар мүшелерімен жаттығу сабақтары Объект басшысымен бекітілген кесте бойынша жұмыстан бос уақытта, айына 4 сағаттан артылмай өткізіледі.

3. Өртке қарсы ерікті құрылымдарды ұстау

12. Өртке қарсы ерікті құрылымдарды ұстаудың барлық шығындары олар ұйымдасатын Объектілер есебінен жүргізіледі.

13. Өртке қарсы ерікті құрылымдар мүшелерінің қызметтерін ынталандыру мақсатында Объект басшысы өртті жоюда үздік шыққан азаматтарды мадақтауға құқылы.